

Меңгеруші жанындағы жиналыс туралы**ЕРЕЖЕ****1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны №39 «Достық» бөбекжай-балабақша үшін «Білім туралы» 27.07.2007 ж. № 319-ІІІ, Педагог мәртебесі туралы Заңына, мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына және МДҰ-ның жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Меңгеруші жанындағы жиналыс – бөбекжай-балабақшаның тұрақты әрекет ететін органы, педагогикалық және еңбек үдерістерін дамытуға, үйлестіруге және жетілдіруге, жылдық жұмыс жоспарын, бөбекжай-балабақшаны дамыту бағдарламаларын түзеуге және директордың өкілеттілігін белгілеуге қызмет етеді.

1.3. Меңгеруші жанындағы жиналыс бөбекжай-балабақшасының басқарушылық функциясын жүзеге асырушы қызметкерлері: шаруашылық меңгерушісі, әдіскер, лекотеканың басшысы, дәрігер-офтальмолог, медбике қатысады.

1.4. Меңгеруші жанындағы жиналыс қабылданған және ҚР заңнамасына, бөбекжай-балабақша жарғысына қарама-қайшы келмейтін шешімдер бұйрық шығаруға негіз және бөбекжай-балабақшаның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

1.5. Осы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды директор енгізеді.

1.6. Аталған ереженің мерзімі шектелмейді және жаңасы қабылданғанға дейін қолданыста болады.

2. Негізгі міндеттері

2.1. Меңгеруші жанындағы жиналыс негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- басқару үлгісіне сәйкес, директор өкілеттілігінің біраз бөлігін өз орынбасарларына табыстау арқылы бөбекжай-балабақша тиімді басқаруды ұйымдастыру;
- бөбекжай-балабақшаның барлық қызметкерлерінің іс-қимылдарын үйлестіру, құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттесуін жүзеге асыру;
- бір жылға арналған жұмыс жоспарын, бөбекжай-балабақшаны дамыту бағдарламаларын орындау бойынша жұмыстарды үйлестіру.

3. Атқарымдары

3.1. Меңгеруші жанындағы жиналыс

- бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарын іске асыру қаралады;
- барлық қызметкерлердің іс-қимылдары үйлестіріледі, бөбекжай-балабақшаның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің өзара әрекеттесуі мен өзара байланысы ұйымдастырылады.
- жалпы және мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар зерделенеді;
- барлық білім беру үдерісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралады, бақылаушы органдардың ұйғарымдарын орындау бойынша іс-шаралар белгіленеді;
- жұмыс орындарында еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау бойынша мәселелер қаралады, күнтізбелік жылға арналған еңбекті қорғау бойынша келісімдер дайындалады;
- қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың есептері, сондай-ақ бөбекжай-балабақшадағы бақылау қызметінің нәтижесі бойынша анықтамалар, актілер, хабарламалар тыңдалады;
- әкімшіліктің, медициналық, педагогикалық және басқа да қызметкерлердің балалардың денсаулығы, түзету-білім беру және тәрбие беру бағдарламаларын іске асыру барысы, балалардың тілін, көруін және психикалық дамуының тежелуін түзету нәтижелері, балалардың мектепте оқуға дайындығы туралы есептері тыңдалады;
- ағымдағы айға арналған жоспарлар талқыланады және бекітіледі, өткен айдағы жоспарды талдау жүргізіледі, бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған

іс-шараларды өткізу мерзімдері, сондай-ақ бір айға арналған жоспарды орындаудың ұйымдастырушылық және ағымдық мәселелері талқыланады және бекітіледі;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) ағымдық жұмыс мәселелері талқыланады;

- жалпы ата-аналар жиналысының, бөбекжай-балабақшаның ата-аналар комитеті отырыстарының өткізілу мерзімдері мен күн тәртібі бекітіледі;

- әлеуметпен өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың ағымдық мәселелері талқыланады, іс-шараларды өткізу мерзімдері бекітіледі;

- бөбекжай-балабақшаны материалдық-техникалық жасақтау, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері талқыланады;

- бөбекжай-балабақша қызметкерлерінің функционалдық міндеттері қаралады және бекітіледі.

4. Жұмысты ұйымдастыру

4.1. Меңгеруші жанындағы жиналыс бөбекжай-балабақшаның директоры жүргізеді.

4.2. Меңгеруші жанындағы жиналысының хатшысы болып бөбекжай-балабақшаның хатшысы тағайындалады.

4.3. Қажет болған жағдайларда меңгеруші жанындағы жиналысте бөбекжай-балабақшаның педагогикалық және басқа да қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) және т. б. шақырылады.

4.4. Меңгеруші жанындағы жиналыс қажеттілігіне қарай, бірақ айына екі реттен кем емес, дүйсенбі күндері өткізіледі.

4.5. Меңгеруші жанындағы жиналысының күн тәртібі, өткізілу орны мен күні бөбекжай-балабақшаның айға, аптаға арналған жұмыс жоспарында көрсетіледі.

4.6. Шешімдерді тікелей орындауды меңгеруші жанындағы жиналыс мәжілісінің хаттамаларында көрсетілген жауапты тұлғалар жүзеге асырады.

5. Жауапкершілік

5.1. Меңгеруші жанындағы жиналыс

- оларға бекітілген міндеттемелер мен функцияларды орындағаны, толық көлемде орындамағаны немесе орындамағаны үшін;

- қабылданатын шешімдердің заңнамаға, нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі үшін;

- оның отырысында қаралатын құпия ақпаратты жария етпеу үшін жауапкершілікте болады.

6. Іс жүргізу

6.1. Меңгеруші жанындағы жиналыс отырыстары хаттамамен ресімделеді.

6.2. Хаттамалар кітабында

- отырысты өткізу күні;

- қатысқан тұлғалар тізімі;

- күн тәртібі;

- Меңгеруші жанындағы жиналысте шығарылатын мәселелерді талқылау барысы;

- мәжіліс мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары, сұрақтары, ұсынымдары мен ескертпелері;

- Меңгеруші жанындағы жиналысының шешімдері тіркеледі.

6.3. Хаттамаларға Меңгеруші жанындағы жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

6.4. Хаттамаларды нөмірлеу күнтізбелік жылдың басынан бастап жүргізіледі.

6.5. Меңгеруші жанындағы жиналысының хаттамалар кітабы парақтары бойынша нөмірленеді, тігіледі, бөбекжай-балабақша директорының қолымен және ұйым мөрімен бекітіледі.

6.6. Меңгеруші жанындағы жиналысының хаттамалар кітабы бөбекжай-балабақшаның істерінде (тұрақты) сақталады.

6.7. Бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспарында «Меңгеруші жанындағы әкімшілік мәжіліс» бөлімі ресімделеді, онда жылдық міндеттер, бақылау қызметі мен ағымдық әкімшілік-шаруашылық мәселелері ескеріле отырып, мәжілістің бір жылға арналған тақырыбы ұсынылады.